

№ 1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: «Педагогикалық старт. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның 2025 - 2026 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау».

Күні: 28.08. 2025 ж.

Қатысқаны: 30

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру мерзімінің қорытындысы (әдіскер И.А. Джанадилова);
2. «2025-2026 о.ж. ҚР-ның мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру» (әдіскер И.А. Джанадилова);
3. «2025-2026 оқу жылына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспары (әдіскер И.А. Джанадилова);
4. 2025-2026 жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту (әдіскер И.А. Джанадилова);
5. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестелерін, күн тәртіптерін бекіту (әдіскер И.А. Джанадилова);
6. Вариативтік, жобалау жұмыстарының жоспарларын бекіту (тәрбиешілер);
7. Педагогтер мен қосымша білім беру мамандарының перспективалық жылдық жоспарларын бекіту (тәрбиешілер, қосымша білім беру мамандары);
8. Аттестатталушы педагогтердің құрамын бекіту, аттестаттаудан өткен педагогтерге куәліктерін табыстау (басшы м.а. С.С. Баймағамбетова);
9. Жаңа оқу жылына топ жетекшілері мен хатшыларды сайлау (басшы м.а. С.С. Баймағамбетова);
10. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» жоспарларын бекіту (әдіскер И.А. Джанадилова);
11. Адаптивтік «Ақылды балақай» (Ж.О.Тлеумағанбетова), «Қауіпсіздік әліппесі» (М.С.Абдигазиева) бағдарламаларын бекіту.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1. Бірінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова 2024-2025 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру мерзімінің қорытындысы туралы айтты:

2024-2025 о.ж. жазғы жоспарға сәйкес, 1-маусым балаларды қорғау күніне арналып, ересек және мектепалды даярлық топтары арасында «Бала-өмірдің гүлі!» тақырыбында өткізілді. Мақсаты – балаларға ерекше мерекелік көңіл күй сыйлай отырып, өздерінің мейрамдарын сезіндіру, өздерін жайлы, махаббатқа толы ортада өсіп жатқандықтарын ұғындыру, өздеріне деген ерекше ықыласты, махаббатты, құрмет сезімдерін ұғындыру, бақытты балалық шақты білдіру.

Мерекелік іс-шара балабақша ауласында, жаздың жайма шуақ күнінде, ашық аспан мен жарқырап тұрған күннің астында өткізілді. Балалардың мейрамдарын сезіндіру үшін отбасының суреті бейнеленген үлкен банер мен түрлі түсті шарлар ілінді, сонымен бірге әдемі ертегі артибуттары қойылды.

Балақайлардың көңіл күйлерін көтеру үшін ортаға Сайқымазақ, көбелек және Африкадан піл келіп, бүлдіршіндермен бірге көңіл көтеріп, түрлі ойындар ойнатты. Балалар түрлі түсті бормен асфальтқа суреттерін салып, ойыншық мылтықтарымен су бүркіп ойнады. Балаларға жаңбыр, кемпірқосақ туралы жұмбақтар жасырылды. Мерекенің соңында балаларға жылы тілектер мен жылы лебіздер айтылып, түрлі түсті көңілді шарларын аспанға жіберіп, тілектерінің орындалуын тіледі. «Балабақша» әндері шырқалып, заманауи «Тик-ток», флеш-моб билерін балалар биледі. «Шапшаң бол», «Кедергілерден өт» кимылды ойындары ойнатылды.

Мерекенің жүргізушілері сценарийді және музыкалық материалды толық меңгерген. Мереке өткізген балабақша алаңы мерекеге сай, балалардың көңіл күйлеріне жағымды әсер ететіндей және оларды әдемілік пен көркемдікке тәрбиелейтіндей эстетикалық талапқа сай безендірілген. Балалар мерекелік ісшараға белсенді қатысып отырды, әнді орындауда бүлдіршіндердің сөздерді жақсы жаттағандары және музыка жетекшісінің балалармен жұмыс істегендері байқалды.

2024-2025 о.ж. жазғы жоспарға сәйкес, *«Жас із кесушілер»* тақырыбында апталық өткізілді. Мақсаты – мектеп жасына дейінгі балаларға жазғы сауықтыру мерзімінде экологиялық тәрбие беру.

«Жас із-кесушілер» тақырыбында өткен бірінші күні балабақшада дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу, қимыл-қозғалыс ойындары *«Өз түсінді табу»*, *«Жасырынбақ»*, *«Жалаушаны табу»*. *«Із кесушілер деген кімдер?»* жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу, ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру, балалардың бос уақыттарында *«Із кесуші»* мультфильмін көрсету жұмыстары жүргізілді.

«Аңдар мен аңшылар» тақырыбындағы екінші күні балабақшада Альбомдар көру: *«Аңдар»*, *«Құстар»*, *«Гүлдер»*, *«Табиғатты қорғау»* белгілерін дайындау, *«Жайлаудағы төрт түлік»*, *«Орман аңдары»*, *«Менің сүйікті жануарым»* және басқа тақырыптарда сурет салу, Құм және сумен тәжірибе жасау, *«Аңды ізіне қарап таны»*, *«Бақшадағы қояндар»*, *«Қағып ал да ата»* (доппен) қимыл-қозғалыс ойындары ойнатылды.

«Мейірімді достарым» тақырыбындағы үшінші күні балабақшада аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру, мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну), *«Ерте, ерте, ертеде»* тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу жұмыстары жүргізілді. *«Жаз да келді көңілді»* апталығының шеңберінде сабын көпіршіктері күні балалар *«Тамшылар»* тақырыбында дәстүрлі емес сурет салу техникасымен сурет салды, *«Дәрігер»* сюжетті – рөлдік ойынын ойнады, *«Теңіздегі тіршілік»* күні *«Су патшалығы»* суреттер байқауы өтті, *«Сүйкімді кірпі»* күні балалармен *«Менің ағзамның қорғаушысы»*, *«Пайдалы және зиянды»* тақырыбында әңгімелесу жұмыстары жүргізілді, *«Табиғат аясында»* күні табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтап, *«Күлімдейді күн маған»* тақырыбында жапсырды. *«Күн, ауа, су»* ойын сауығында *«Сылдырайды мөлдір су»* денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу жұмыстары жүргізілді.

Ересек топтарының арасында *«Біз-бақытты баламыз!»* спорттық сайысы өткізілді. Мақсаты – балалардың денсаулық ұғымы туралы түсініктерін кеңейту, саламатты өмір салтын сақтау жайында түсініктерін қалыптастыру. Денсаулығын сақтау, күту, жағымды ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Саламатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу. Балалардың белсенділіктерін арттыру.

Балалар *«Қырандар»* және *«Тұлпар»* топтары болып бөлініп, өзара сайысқа түсті. *«Таныстыру»*, *«Кім жылдам?»*, *«Туннельден өту»*, *«Жүйрік ат»*, *«Көңілді балалар»*, *«Арқан тарту»* сияқты спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Сайысқа әділ бағасын берер қазылар алқасы сайланды. Спорттық сайыс басталмас бұрын балалар дене шынықтыру нұсқаушысымен бірге денелерін жаттықтырып, жалпы жаттығуларды орындады. Топ тәрбиеленушілері екі командаға бөлініп, әртүрлі сайыс түрлері бойынша өзара сайысқа түсті. Сайыста *«Кім жылдам?»*, турлары ұйымдастырылды, ортаңғы топтың балаларының дене шынықтыру бойынша өз беттерінше орындау дағдылары айтарлықтай дамығандығын байқауға болады. Дене шынықтыру нұсқаушысының спорттық сайысты далада, яғни таза ауада өткізгендігі және велосипедпен жарысты, секіртпемен жаттығуларды қосқаны тиімді болды.

Спорттық сайыс балалар үшін өте қызықты, мазмұнды, тәрбиелік мәні зор, жақсы деңгейде ұйымдастырылған. Іс-шараның сценарийі топтың жас ерекшелігіне сай алынған, балалардың танымдық қабілеттерін арттырып, тәрбиелік мәнді көздейтіндей құрылған. Сонымен қатар, шараға топтың барлық бүлдіршіндері белсенді қатысып, топтардың барлық балалары жұмылдырылды.

Астана күніне орай *«Туған күніңмен, Астана!»* мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты – Астана туралы балабақша тәрбиеленушілеріне мағлұмат беру, елордамыз

Астананың мерекесімен таныстыру; отансүйгіштікке, Отанын қадірлеуге үйрету; ұлттық патриотизм рухында тәрбиелеу.

Аталған іс-шараға кіші, ересек топтар және ата-аналар қатысты. Мерекелік іс-шара жалпы концерт түрінде, балабақша ауласында өтті. Іс-шараның басында жүргізуші Астана туралы слайд түрінде балаларға толық мәлімет беріп, еліміздің Президенті, Астана қаласының тарихы, көрікті жерлері, маңыздылығы жөнінде таныстырып, айтып өтті. «Күнайым» тобының кішкентай бүлдіршіндері елордамыз туралы тақпақтарын айтып, мерекелік концертті ашты. Қазақ аңызының кейіпкері, әлем ағашы –Бәйтеректің шыңында тұратын Самұрық құс ұшып келіп, балабақшаға жақсылық ала келгенін айтып, кішкентай бүлдіршіндерді қуанту үшін өзімен бірге ойын ала келгенін айтып, балалармен қимылды ойындар ойнатты. Ересек топтарының бүлдіршіндері де өз лебіздерін білдіріп, тақпақтарын Астана қаласына арнады. Ортаңғы және ересек топтарының балалары «Астанам», «Әрқашан күн сөнбесін!» әндерін шырқап, «Қазақ биі», «Қаражорға» биін мың бұрала биледі.

«Нептун күні» сауықтыру іс-шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты – балалардың су туарлы түсініктерін кеңейту, мерекелік көңіл күй сылау, Нептун мейрамының мәнін ұғындыру, балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ойын-сауықтың басында жүргізуші балалардың назарын суда жүзіп жүрген бөтелкеге аудартады. Балалардың қызығушылықтарын балаларға суға байланысты жұмбақтар жасырылып, толқын судың әуенімен Су Сүлеймені мен кіші қызы келді. Су Сүлеймені кіші қызынан неге мұғайып тұрғанын сұрады, қызы інжу моншағын жоғалтып алғанын айтты. Осы кезде оқиға желісі шиіленісіп, ортаға қаракшылар келіп, мерекенің шырқын бұзатынын айтты. Балалармен түрлі спорттық және қимылды ойындар ойнатылды. «Теңізшілер» , «Бақалар» билерін билеп, «Жаңбыр», «Бала, бала, балалық» әндерін шырқады, мерекенің көркін қыздырды.

Мерекелік сауықтыру іс-шарасы аяқталғаннан кейін балалар өздерінің ыдысқа құйып, дайындап келген суларын бір-біріне шашып, әрі қарай су мерекесі жалғасып, балалар да, тәрбиешілер де мәз болды.

30-тамыз күніне орай «Ата Заңым-ұраным!» ертеңгілігі өткізілді. Мақсаты - бүлдіршіндерге Конституция мерекесін ұғындыру, мемлекеттік рәміздерімізді насихаттау, рәміздерге құрмет сезімдеріне тәрбиелеу, балаларды патриоттық сезімдерге тәрбиелеу, елі мен жерін сүюге үйрету.

ҚР-ың Гимнімен басталған мерекелік концертке қатысқан балалар шығып, Қазақстан халқына ыстық сәлемдерін жолдап, барша халықты мерекемен құттықтады. Бүлдіршіндер мың бұрала би билеп, Отан, туған жер туралы әндерін шырқап, тақпақтарын айтты. Балаларға Ата Заңымыздың мәні, мағынасы туралы түсіндіріліп, әртүрлі конкурстар, викториналар ұйымдастырылып, түрлі ойындар мен жағдаяттар арқылы балаларға адам құқығын қорғау туралы мәліметтер берілді. Мерекелік ертеңгіліктің сценарийі тақырыпты ашатындай мазмұнды және мектеп жасына дейінгі баланың жас ерекшелігіне сай алынған, кішкентай бүлдіршіндердің танымдық қабілеттерін арттырып, тәрбиелік мәнді көздейтіндей құрылған. Мерекелік іс-шараның көркін қыздыратындай ғажайып сәттер ұйымдастырыла білді. Мерекелік кештің соңында кішкентай бүлдіршіндер ортаға шығып, татулық пен ынтымақтастық символы болып есептелетін «Бір шаңырақ астында», «Бейбітшілік жасасын!» композициялық билерін билеп және «Отан», «Жақсы көремін» әнін шырқады. Концертке келген балабақша ата-аналары ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

2.Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джаналилова сөйледі:

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне1 (бұдан әрі – *Тұжырымдама*), білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі

тәрбие мен оқыту жүйесінде (бұдан әрі – МДТО) жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:

МДҰ мен мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;

✓ оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;

✓ «Жасыл балабақша» желісін кеңейту - экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

✓ Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;

✓ «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді

қосымшасын қолдану арқылы балаларды мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;

✓ ауылдық жерлерде Құзыреттілік орталықтары желісін кеңейту және Құзыреттілік орталықтары - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту;

✓ әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;

✓ «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

3. Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова 2025-2026 жаңа оқу жылына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарымен таныстыру:

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу; әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Отан, ел, туған өлке туралы білу

- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

- Мемлекеттік тілді білу

- Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

- Табиғатқа қамқорлық таныта білу.

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу

- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу

- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы.

Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Жауапты болу

- Уәделерді орындай білу

- Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу,

4. Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова 2025-2026 жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстырды:

2025-2026 оқу жылында № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы «Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық және танымдық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту» өзекті мәселесі бойынша жұмыс істейді. Мақсаты - мектеп жасына дейінгі баланың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдай туғызу, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді қойып отыр:

- ✓ Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; олардың қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ Әр тәрбиеленушінің жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- ✓ Әдістемелік жұмыстың белсенді формалары, курстық дайындықтан өту, аттестаттау, түрлі кәсіби байқауларға қатысу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктеріне (құқықтық, кәсіби, қарым-қатынас, ақпараттық) және білім беру талаптарына сәйкес кадрлардың әлеуетін дамыту.

В.А.Сухомлинский: *«Музыкалық тәрбие - бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу»* - деп тегін айтпаған. Балабақшаның эстетикалық тәрбие жүйесінде мерекелік ертеңгіліктер ерекше орын алады. Олар бала сезіміне әсер ету құралы ретінде өнер мен көркемдік іс-әрекеттерінің түрлерін біріктіреді. Осы бағытты ұстанған біздің балабақшамызда да осындай көптеген іс-шаралар үнемі ұйымдастырылып отырады. Қыркүйек айында 1-қыркүйек -Білім күніне орай, мектепалды даярлық топтардың арасында «Білім күні» ойын-сауығы, 5-қыркүйек-Тілдер мерекесіне байланысты «Тілім менің – таусылмайтын ырысым» мерекелік ертеңгілігі, қазан айында педагогтердің кәсіби мерекесіне орай, «Ұстаз – ғұмыр, ұстаз – нұр!» мерекелік концерті, мерекелік концерт және барлық топтарда «Арайлы Алтын күз» ертеңгіліктері өткізіледі. Желтоқсан айында еліміздің тәуелсіздігіне орай, «Қазақстан – елім менің!» мерекелік концерті және барлық топтарда «Қош келдің, Жаңа жыл» ертеңгіліктері шектеу шараларына байланысты жабық түрде топтарда өткізілді. Осы орайда біздің балабақшада, яғни № 9 «Жұлдыз-Ай» балабақшасында өзара бәсекелестікке қабілетті, білімнің сапалы, тәрбиенің саналы болуына басты назар аударылып келеді. Баланы жан-жақты тәрбиелеу мен дамыту мақсатында балабақшада түрлі тақырыптарда апталықтар мен ойын-сауықтар, спорттық сайыстар, мерекелік ертеңгіліктер үнемі ұйымдастырылып тұрады. Жыл басына бері «Ертегілер әлеміне саяхат», «Мен және менің құқығым» апталығы, қазан айында ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаз-ұлағатты есім» апталығы, желтоқсан айында «Елтаңбамен еңселі, Өнұранмен айбатты, Туымен тұғырлы, Қазақстаным!» апталықтары ұйымдастырылады.

5. Бесінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестелері, күн тәртіптеріне тоқталды.

Балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік, физикалық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

- 1) дене тәрбиесі (ерекше балалар үшін бейімделген дене тәрбиесі);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) тіл дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі;

- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған әлеммен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

6. Алтыншы сұрақ бойынша вариативтік жұмыстары қаралды:

Тәрбиешілер жаңа оқу жылына алған жобалау жұмыстарының тақырыптары мен мақсаттарын айтып, жыл бойына жүргізетін жұмыстарымен таныстырды.

7. Жетінші сұрақ бойынша педагогтер мен қосымша білім беру мамандарының перспективалық жылдық жоспарлары қаралды.

Перспективалық жоспарлар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасына бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі-Үлгілік оқу жоспарлары) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларын, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген 1-2 қосымша, үлгілік оқу жоспарларын, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды. Сонымен қатар, «Bilim Kids» платформасында көрсетілген құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

8. Сегізінші сұрақ бойынша басшы м.а. С.С.Баймағамбетова аттестатталушы педагогтердің құрамын бекіту, аттестаттаудан өткен педагогтерге куәліктерін табыстау бойынша сөз сөйледі:

- Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20618 болып тіркелді.

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес құрылады:

"педагог-модератор" біліктілік санаты үшін - білім беру ұйымының деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: білім беру ұйымының жоғары білікті педагогтері, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты үшін - қала (аудан), облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, білім беру ұйымдарының, қаланың (ауданның) жоғары білікті педагогтері, біліктілікті арттыру ұйымдарының, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты үшін - облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру ұйымдарының, республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдардың жоғары білікті педагогтері, тиісті саланың уәкілетті органының, біліктілікті арттыру ұйымдарының, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері;

"педагог-шебер" біліктілік санаты үшін - облыстың, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы деңгейінде ұйымдастырылатын сараптамалық кеңес, құрамында: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, облыстың білім беру ұйымдарының жоғары білікті педагогтері, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органы, білім беру саласындағы уәкілетті орган (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін), тиісті саланың уәкілетті органы басшысының бұйрығымен бекітілетін біліктілікті арттыру ұйымдарының, қамқоршылық кеңестердің, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіподақтардың, жұмыс берушілердің өкілдері.

Осыған сәйкес, жаңа 2025-2026 о.ж. балабақшамыздың төмендегі педагогтері тестаттаудан өтеді. Соның ішінде **педагог-модераторға:**

- = Мухамбетжанова Әсима;
- = Касымбекова Айжан.

Педагог-зерттеушіге:

- = Джанадилова Инабат;
- = Койшыбаева Гулжан;
- = Тулегенова Жайнагүл (қайта растау).

2024-2025 оқу жылында педагог-модератор санатын алған тәрбиешілерге куәліктерді табыстады:

- = Боккарина Асылгүл -13.08.2025, № 323
- = Мухамбеткалиева Айгүл – 07.08.2025, № 30
- = Ильяева Жеңісгүл - 07.08.2025, № 30
- = Нұрзат Мұхтарқызы - 07.08.2025, № 30
- = Утарбаева Айгүл - 07.08.2025, № 30
- = Нуридин Арайлым - 07.08.2025, № 30
- = Маймакова Ақкүміс - 07.08.2025, № 30
- = Толыбайқызы Ақмарал - 07.08.2025, № 30.

Аудандық білім бөлімінің 13.08.2025 жылғы № 323 бұйрығына сәйкес педагог-сарапшы санаты берілді:

-Азирбекова Гүлнұр.

9. Тогзыншы сұрақ бойынша басшы м.а. С.С.Баймагамбетова жаңа оқу жылына топ жетекшілері мен хатшыларды сайлады.

- ✓ педагогикалық кеңестің хатшысы – Боккарина Асылгүл Айжановна;
- ✓ семинардың хатшысы – Толыбайқызы Ақмарал;
- ✓ жас мамандар отырысының хатшысы – Аманғалиева Ақгүл;
- ✓ әдістемелік кеңес отырысының хатшысы – Мухамбетжанова Әсима;
- ✓ ата-аналар жиналысының хатшысы – Нұрзат Мұхтарқызы.

10. Оныншы сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» жоспарларымен таныстырды:

Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасы мен МДҰ ның тығыз ынтымақтастығы қажет.

Ата-аналарды педагогикалық процеске тарту үшін: балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отбасының және МДҰ-ның күш жігерін біріктіру, әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату; ата-аналарды, тәрбиеленушілер мен педагогтерді өзара түсіністік, ортақ мүдделер, қарым-қатынасқа оң көңіл-күй және

А.А. Боккарина

№ 2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

27.11.2025

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі баланың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау және қорғау дағдысын қалыптастыру»

Қатысқаны: 28

Өткізу формасы: іскерлік ойын «Педагогикалық ринг».

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы (меңгеруші С.С.Баймағамбетова);
2. «Мектеп жасына дейінгі баланың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау және қорғау жағдайы» тексеріс қорытындысы (әдіскер И.А.Джанадилова);
3. «Мектепке дейінгі ұйымда және оның аумағында тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар» (әдіскер И.А.Джанадилова);
4. «Еңбек әрекетін ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (тәрбиеші А.Толыбайқызы);
5. «Серуенді ұйымдастыру кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (тәрбиеші А.Боккарина);
6. «Шығармашылық әрекетті ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (тәрбиеші Ж.Тлеумағанбетова);
7. «Тамақтануды ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (тәрбиеші Н.Мұхтарқызы);
8. «Музыка жетекшісіне балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (музыка жетекшісі Ж.Ильтаева);
9. «Дене шынықтыру нұсқаушысына балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (дене шынықтыру нұсқаушысы Г.Койшыбаева);
10. Іскерлік ойын «Педагогикалық ринг» (әдіскер И.А.Джанадилова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С. Баймағамбетова бірінші педагогикалық кеңестің барлық шешімінің орындалғанын айтты.

2.Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Мектеп жасына дейінгі баланың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау және қорғау жағдайы» тексеріс қорытындысы туралы анықтама оқыды:

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында 24.11.2025 – 28.11.2025 аралығында өрт апталығы ұйымдастырылды. **Мақсаты:**

1. Қоршаған орта туралы және күнделікті тұрмыста қолданатын электр құрылғыларының адам өміріндегі маңызын түсінуді қалыптастыру
2. Өрттің қауіптілігін сезінуге үйрету
3. Өрт сөндіруші мамандығын балаларға түсіндіре отырып, өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтау қажеттілігі туралы түсініктерін бекіту
- 4.Өрт кезінде өзін ұстай білу дағдыларын дамыту

5. Балаларды тәртіптілік, шыдамдылық, зейін қою, нақтылық, сабырлық қасиеттеріне тәрбиелеу.

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 24.11.2025 – 28.11.2025 аралығында өткізілген өрт апталығы бойынша 24 қарашада кіші топтарда *«От-біздің досымыз, от – біздің жауымыз»* танымдық оқу қызметі өткізілді. Мақсаты – балаларға өрттің қаншалықты қауіпті екендігі туралы түсіндіру, оттың тілсіз жау екендігін ұқтыру. Өрттен, оттан сақтану жолдарын, адам өміріне өрттің зиянды екенін біле отырып, сіріңкені, тұрмыстық-техникалық заттарды пайдалану ережелерін айтып үйрету.

«От-біздің досымыз, от – біздің жауымыз» тақырыбындағы танымдық оқу қызметі шаттық шеңберінен басталды. Балалардың қызығушылықтарын ояту үшін ортаға қоя мен түлкі кейіпкерлері келді. Интерактивті тақтаны пайдалана отырып, тәрбиеші слайд көрсету арқылы балаларға оттың адам өміріндегі маңыздылығы, пайдасы, сонымен бірге зияны туралы тоқталып, мол мағлұмат берді. От және шырпы туралы жұмбақтар жасырылды. Балаларға өрттің шығу себептерін кеңірек түсіндіру үшін «Сенбілік» көрінісі қойылды. Көріністі қойып болған соң балалар өрттің шығу себептерін анықтап, сенбілікке келген баланың іс-әрекетін талқылады. Өрт шыққан жағдайда 101-ге телефон соғу керектігін ескертті. Балалардың ептіліктері мен шапшаңдықтарын байқау үшін «Өрт сөндіру» қимылды ойыны ұйымдастырылды. Электр құрылғылары туралы да мәлімет беріліп, күнделікті пайдалану ережелерін еске түсірді.

Өртке байланысты танымдық оқу қызметі балалар үшін өте қызықты, мазмұнды, тәрбиелік мәні зор, жақсы деңгейде ұйымдастырылған. Іс-шараның сценарийі топтың жас ерекшелігіне сай алынған, балалардың танымдық қабілеттерін арттырып, тәрбиелік мәнді көздейтіндей құрылған. Балалардың қызығушылықтарын оятатын ғажайып сәттер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, шараға топтың барлық бүлдіршіндері белсенді қатысып, топтардың барлық балалары жұмылдырылды. Қонаққа келген кейіпкерлер де өз рольдерін жақсы ойнады.

3. Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «Мектепке дейінгі ұйымда және оның аумағында тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар» тақырыбында нұсқаулық оқып, түсіндірді.

Күнделікті жағдайларда балалардың өмірі мен денсаулығы үшін олардың ата-аналары жауап береді, бірақ олар балабақшада болған кезде бұл міндет мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі мен тәрбиешілеріне жүктеледі. Балалардың балабақшадағы қауіпсіздігі – балабақшада, оның аумағында, ойын алаңында балаға қауіп төндірмейтін ортаны құру және қолдау.

Мектепке дейінгі мекеменің әкімшілігі мен тәрбиешісі топқа келген әр баланың өмірі мен денсаулығын қорғауға жеке жауап береді, жарақаттанудан сақтандыруға ерекше назар аудара отырап балалардың барлық режимдік сәттеріндегі қауіпсіз мінез-құлықтарын бақылауды іске асырады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес ұйымдастыру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагог қызметкерлер жіберіледі. Ғимараттың орталық кіреберісінде балабақша аумағында және ғимаратында бөгде адамдардың рұқсатсыз кірмеуін қадағалау мақсатында өткізу бекеті орнатылады. Түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері ғимаратты тікелей күзетуді мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен кесте бойынша күзетшілер жүзеге асырады.

Келушілерді есепке алу журналына тіркегеннен кейін олардың жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда ғана балабақша ғимаратына кіруге рұқсат етіледі. Мектепке дейінгі ұйым басшысының, жедел жәрдем мен өрт сөндіру және басқа да апаттық қызметтердің мекенжайлары мен телефон нөмірлері балабақшада көрінетін жерде орналасуы тиіс.

Балабақшаның педагог қызметкерлері өз жұмыс орындарына жұмыс уақыты басталғанға дейін кемінде 10 минут бұрын келуге, топтың үй-жайларының, ойын алаңдарының қауіпсіздігі мен жабдықтардың жай-күйін, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпті және күдікті заттардың бар-жоғын тексеруі тиіс. Қауіпсіздік режимінің бұзылуы анықталған кезде дереу оларды жою бойынша шаралар қабылдауға, әкімшілікті хабардар етуге міндетті. Анықталған бұзылыстар жойылғанға дейін тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға тыйым салынады.

Тәрбиеленушілерді таңертең қабылдағанда ата-аналардан тәрбиеленушінің көңіл-күйі туралы сұрау және оның денсаулық жағдайын қарау жүзеге асырылуы қажет. Тәрбиеленушінің ауырып тұрғаны байқалса балабақшаға жіберу туралы шешім қабылдау үшін медициналық қызметкердің қарауына жіберіледі. Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күні бойы денсаулығындағы барлық ауытқулар туралы ата-аналарды немесе заңды өкілдерді уақтылы хабардар етуге міндетті.

4. Төртінші сұрақ бойынша тәрбиеші А.Толыбайқызы «Еңбек әрекетін ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында нұсқаулық оқып, түсіндірді:

Балабақшаның топтары мен учаскелерінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасалуы керек:

- балалар пайдаланатын үстелдер, орындықтар, басқа да жиһаздар мен жабдықтар олардың өсу көрсеткіштеріне (бойларына) сәйкес келуі керек;
- барлық шкафтар мен сөрелер мықты бекітілуі керек. Жабдықтар, материалдар, керек-жарақтар құлау мүмкіндігін болдырмайтындай, олардың толық қауіпсіздігі мен беріктігін ескере отырып орнатылуы тиіс;
- балалардың дербес еңбек әрекетінде пайдаланылатын құралдарды биіктігі баланың көз деңгейінен аспайтын сөрелерде және шкафтарда орналастыру қажет;
- аквариумдар, тордағы жануарлар және табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері бала еденде тұрып оларға күтім жасай алатындай етіп орналастырылады; өсімдіктерді суару кезінде балалардың киіміне, жеңдеріне су ағып кетпеуі үшін су құйғышты кеудесінің деңгейінен төмен ұстауы керек.

Асхана және табиғат бұрышы бойынша міндеттермен байланысты тапсырмаларды орындау кезінде балалар ас блогына тек қана ересекпен бірге бара алады; балалардың ыстық тамақты, суды және басқа да ыстық заттарды алып жүруіне қатаң тыйым салынады.

Балаларды инфекция жұқтыру қаупі бар жұмысқа тартуға қатаң тыйым салынады (унитаздарды жинау, кір киім-кешектерді, тұрмыстық қалдық заттарды жинау және т. б.).

5. Бесінші сұрақ бойынша тәрбиеші А.Боккарина «Серуенді ұйымдастыру кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында нұсқаулық оқып, түсіндірді:

Серуенге шықпас бұрын тәрбиеші қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аумақты тексеруі керек.

Педагог балалардың балабақшадан баяу шығуын және баспалдақтан түсуін бақылауды қамтамасыз етеді.

Тәрбиешінің көмекшісі балаларды серуендеуге және кері қайтаруға еріп жүруі керек. Тәрбиеші барлық балаларды көз алдында ұстауы, балаларды бақылап, қажет болған жағдайда көмекке келуі керек.

Тәрбиешінің міндеттеріне температураны және ауа-райымен температуралық жағдайға сәйкес балалардың киімін бақылау мен балалардың бас киімінің болуын қамтамасыз ету кіреді.

Шөп, асфальт немесе құммен жалаң аяқ жүруге тәрбиеші аумақты қауіпсіздік тұрғысынан тексергеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

Жыл сайын көктемде ойын алаңдарында құмды толық ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Жазда құм жәшігіндегі құм күнделікті қазылып, қайнаған сумен күйдірілсе ғана құммен ойнауға рұқсат етіледі.

Тәрбиеші белгіленген режимді, серуендеу ұзақтығын және балалардың іс-әрекетінің (ойын, еңбек) өзгеруін сақтауы керек. Балалардың серуендеу, ойын және еңбек кезінде шамадан тыс жұмыс істеуін, қызып кетуін және гипотермиясын болдырмау үшін серуендеу жоспарына байланысты балалар әрекетінің түрлерін қимылдыдан аз қимылдыға ауыстыру қажет.

6. Алтыншы сұрақ бойынша тәрбиеші Ж.Тлеумағанбетова «Шығармашылық әрекетті ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында нұсқаулық оқып, түсіндірді:

Шығармашылық әрекетті бастамас бұрын тәрбиеші барлық балаларды назарда ұстауы, тәрбиеленушілерге қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы ескертуі тиіс.

Тәрбиеші шығармашылық әрекет кезінде пайдаланылатын қайшылардың ұштары доғал болуы керек екенін бақылауы керек. Балаларды қайшымен қауіпсіз жұмыс істеуге үйрету. Педагог таңертең пісіріліп, салқындатылған крахмал желімін немесе ұнды қолдануы қажет. ПВА желімін пайдалануға болмайды.

Жұмыс аяқталғаннан кейін тәрбиеші балаларға өзінің жұмыс орнын ретке келтіруді, шығармашылық әрекетте қолданылған материалдарды, жабдықтарды арнайы бөлінген орындарға жинауды ескертеді. Қарындаштарды көлденеңінен қою, сонымен қатар балалардың қарындашты қалай ұстайтынына назар аудару керек.

Бояулармен және қылқаламдармен жұмыс жасағанда тәрбиеленушілерге суды шыны ыдысқа құймауды ескерту.

7. Жетінші сұрақ бойынша тәрбиеші Н.Мұхтарқызы «Тамақтануды ұйымдастыру кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында нұсқаулық оқып, түсіндірді:

Тәрбиеші мен тәрбиешінің көмекшісіне топ бөлмелеріне қайнаған су әкелуіне тыйым салынады.

Дәліздер мен баспалдақтарда балалар болмаған кезде асханадан тағамдарды әкелу керек.

Ауыз су ішу тәртібін ұйымдастыру үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану қажет.

Қайнаған суды ауыстыру кестесін сақтау.

Ата-аналардан балабақшада балалардың тамақтану рационында көзделмеген өнімдерді (торттар, бәліштер және т.б.), әсіресе дайындау мерзімі көрсетілмеген тағамдарды алуға тыйым салынады.

Тамақтанып болғаннан кейін тәрбиеленушілердің ауызды шаюын ұйымдастыру керек. Балаларға аузындағы тамақ, сағыз, кәмпіттер және т.б. ұйықтауға жол бермеу, осы мақсатта әр баланың ауыз қуысын ұйқыға жатқызу алдында тексеру.

Тамақтану кезінде тәрбиеленушілердің үстел басында дұрыс отыруын және ас құралдарын пайдалануын қадағалау қажет.

Жарақаттануды болдырмау үшін ас ішетін және сусын ішетін ыдыстарда жарықтар мен сынықтар болмауы керек. Ыдыс сынған жағдайда тәрбиеші балаларға сынықтарға қол тигізуге рұқсат бермеуі, оларды ересектер жинап алатынын айтуы тиіс.

Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеру (оның ішінде олардың жекелеген азық-түлікті және тағамды ішпейтінін).

8. Сегізінші сұрақ бойынша музыка жетекшісі Ж.Ильтаева «Музыка жетекшісіне балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында нұсқаулық оқып, түсіндірді:

Музыка залына барған кезде педагогтер тәрбиеленушілермен бірге жүруі керек.

Музыка жетекшісі тәрбиеленушілерге музыка залында өзін қалай ұстау керектігін және музыкалық аспаптарды қалай пайдалану керектігін еске салады:

- музыка залында жүгіруге, секіруге, шулауға болмайды;
- басқа балалар шалынып қалмас үшін орындықтарда тербеліп, аяқты алға созуға болмайды;
- музыка залында ауыр заттарды (орындықтар, жабдықтар, әшекейлер) жылжытуға болмайды;

- музыкалық аспаптарды тек музыка жетекшісінің рұқсатымен ғана пайдалануға болады;
- құралдарды еденге, терезеге, қабырғаларға, айналарға немесе бір-біріне лақтыруға, оларды басуға болмайды.

Музыка жетекшісі тәртіпті сақтауға және жұмыс орнын бөгде заттармен араластырмауға міндетті.

Электр құрылғыларымен жұмыс істегенде қауіпсіздік шараларын сақтау керек.

Салауатты микроклиматты сақтау үшін музыка жетекшісі бөлмені желдетіп отыру керек.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына негізделіп өтуі тиіс.

Техникалық оқыту құралдарын пайдалану нұсқауларын меңгергеннен кейін ғана қолдану қажет.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерге декорацияларды, көрнекі құралдарды, дидактикалық материалдарды жасағанда музыка жетекшісі балалардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіретін улы заттарды, шыныларды, сымдарды, инелерді және т.б. қолданбағаны жөн.

Түрлі іс-шараларды өткізу кезінде музыка жетекшісі костюмдердің, әшекейлердің және жабдықтардың тесетін және кесетін заттардың бар-жоғын, бекітудің сенімділігін және оларды пайдалануға қауіпсіздігін тексеруге міндетті.

9. Тоғызыншы сұрақ бойынша дене тәрбиесі нұсқаушысы Г.Койшыбаева «Дене шынықтыру нұсқаушысына балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында нұсқаулық оқып, түсіндірді:

Спорт залға тек тәрбиешінің еріп жүруімен келіп, қайту керек.

Педагогтер спорт залға спорттық киімде және ойыншықсыз келу керектігін еске салады.

Дене шынықтыру нұсқаушысы жаттығуларды орындау кезінде барлық талаптарын мұқият тындап, орындау қажеттігін түсіндіру керек.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде дене шынықтыру нұсқаушысы балаларға жаттығу залында қауіпсіздікті сақтау қажеттілігі туралы әңгімелейді:

- гимнастикалық қабырғаға баяу көтерілу және түсу;
- соқтығысуды болдырмау үшін жүгіру кезінде кенет тоқтамау;
- жаттығуларды орындау кезінде қауіпсіз арақашықтықты сақтау.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде дене шынықтыру нұсқаушысы балалардың:

- жаттығуларды орындау кезінде сөйлесуге болмайды, өйткені тіліңізді тістеп алуыңыз мүмкін;
- қимылды ойындар кезінде бір-бірін итермеу керек;
- спорттық құрал-жабдықпен балалар ойнап жүрсе, оған жақындамаңыз, бірақ сіз өз кезеңіңізді шыдамдылықпен күтіп немесе олармен уақытты келісуіңіз керек;
- спорттық құрал-жабдықтар үстінде бір-бірін итермеу;
- спорттық құрал-жабдықтарды рұқсатсыз алмау;
- ересек адамның рұқсатынсыз спорттық құрал-жабдықтарды жылжытуға болмайтындығын естеріне салу керек.

10. Оныншы сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова педагогтермен «Педагогикалық ринг» іскерлік ойынын ұйымдастырып, өткізді.

Әдіскер И.А.Джанадилова педагогтерді 2 командаға бөліп, педагогикалық ринг түрінде өткізілетінін хабарлады. Педагогтер екі командаға бөлінгеннен кейін жасанды интеллект көмегімен командаларға тапсырмалар берілді. Бірінші «Таныстыру» тапсырмасында педагогтер өздерін таныстырып, команданың атауларын, ұранын айтты. Екінші «Блиц-сұрақтар» тапсырмасында әр командаға нұсқаулық бойынша сұрақтар қойылып, педагогтердің тез әрі дұрыс жауаптары қабылданып, есептелді. Үшінші «Ойлан, тап» тапсырмасында педагогтер QR-код арқылы жасырылған суреттерді тауып, сурет бойынша нұсқаулықтарды айтып, түсіндірді. Төртінші «Ерте, ерте, ертеде» тапсырмасында педагогтер ертегілерде кездесетін баланың қауіпсіздігі сақталмаған тұстарды айтып, нұсқаулықты түсіндірді.

Шешімі:

1. Мектеп жасына дейінгі баланың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау және қорғау жағдайы қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдарды» күнделікті жұмыста қолдану және сақтау;
3. «Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық бойынша жұмыстану, тәрбиеленушілерге қауіпсіздікке байланысты өткізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде түсіндіру.

Төрайымы:

С.С. Баймагамбетова

Хатшы:

А.А. Боккарина

№ 3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

30.01.2026

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беруді жүзеге асырудың тиімді әдіс-тәсілдері»

Қатысқаны: 28

Өткізу формасы: іскерлік ойын «Не? Қайда? Қашан?».

Күн тәртібінде:

1. Тақырыптық тексерістің қорытындысы (меңгеруші С.С.Баймагамбетова);
2. «МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 о.ж. арналған оқу-тәрбие жұмысының жартыжылдық есебі» (меңгеруші С.С.Баймагамбетова);
3. «Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру жұмысының жағдайы» тақырыптық тексерістің қорытындысы (әдіскер И.А.Джанадилова);
4. «Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие берудің тиімді әдіс-тәсілдері» (әдіскер И.А.Джанадилова);
5. «Жасыл балабақша» экологиялық жобасы (тәрбиеші А.Тұрмағанбет);
6. «Табиғатқа байланысты эксперимент жұмыстары» (тәрбиеші Т.Алдаберген);
7. «Балабақшадағы экологиялық жоба – болашаққа жасалған қадам» (тәрбиеші Ғ.Измалеуова);
8. Іскерлік ойын: «Не? Қайда? Қашан?» ойыны (әдіскер И.А.Джанадилова).

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С. Баймагамбетова бірінші педагогикалық кеңестің барлық шешімінің орындалғанын айтты.

2.Екінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С.Баймагамбетова «МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 о.ж. арналған оқу-тәрбие жұмысының жартыжылдық есебі» туралы баяндама оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының ұжымы өз жұмысын 29.08.2025 ж. № 1 педагогикалық кеңесте бекітілген 2025-2026 о.ж. арналған жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылып келеді. Балабақшаның педагогикалық ұжымы «Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту» бағыты бойынша жұмыс істейді.

Мақсаты - «Мектеп жасына дейінгі баланың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдай туғызу, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу» болып табылады. Осыған сәйкес жаңа оқу жылына төмендегідей міндеттер қойылды:

Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; олардың өймыл-қозғалыс,

бейімделу, коммуникативтік, эмоционалды, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- ✓ Әр тәрбиеленушінің жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- ✓ «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз бағытта тәрбиелеу;
- ✓ Әдістемелік жұмыстың белсенді формалары, курстық дайындықтан өту, аттестаттау, түрлі кәсіби байқауларға қатысу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктеріне (құқықтық, кәсіби, қарым-қатынас, ақпараттық) және білім беру талаптарына сәйкес кадрлардың әлеуетін дамыту.

Қазіргі қоғамда педагог ерекше назар аударуды талап ететін тұлға болып табылатыны белгілі, сондықтан қоғамнан ұрпақ тәрбиесімен айналысатын рухани сауатты, зиялы мамандарды дайындауға бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында өзекті мәселеге айналып отыр. Балабақшадағы педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейлерін арттырып, маман ретінде қалыптастыру мақсатында «Жас мамандар мектебінің жоспарын бекіту», «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі білім беру педагогі» тақырыптарында жас мамандар отырысы, «Мектепке дейінгі ұйымдағы денсаулық сақтау технологиясын қолданудың маңыздылығы» тақырыбында семинар, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту бағыттары бойынша міндеттер», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағыттары бойынша міндеттер» тақырыбында әдістемелік кеңестер «2025-2026 жаңа оқу жылына арналған негізгі жұмыс істеу бағыттары», «Мектеп жасына дейінгі баланың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау және қорғау дағдысын қалыптастыру» тақырыптарында педагогикалық кеңестер өткізілді.

Биылғы оқу жылында балабақшамыз «Асыл мұра» жобасы бойынша жұмыстанып келеді. Балабақшадағы этнопедагогиканың **негізгі мақсаты** – баланы ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, оның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Осы мақсатты көздей отырып, балабақшада әжелер, әкелер, аналар мектебінің іс-шаралары тұрақты түрде ай сайын өткізіліп келеді. Жалпы жоба жұмысы салт-дәстүр, халық ауыз әдебиеті, ұлттық аспаптар, ұлттық тағам, ұлттық ойындар, ұлттық киімдер сияқты негізі бөлімдерді қамтиды. 2025-2026 о.ж. мамыр айында аталған тақырыпқа байланысты аудандық семинар өткізу жоспарға қойылып отыр.

Бұдан бөлек, балабақшамыз № 5 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасының құзыреттілік орталығының қатарына, № 7 «Еркетай» тірек бөбекжай-балабақшасының магниттік балабақшалар қатарына, сонымен бірге № 6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасының «Жасыл балабақша» жобасына сәйкес жауапты балабақшалар қатарына еніп, осы аталған балабақшалармен бірлесіп жұмыс істеп, педагогтері оқыту және практикалық семинарларына қатысып, өз іс-тәжірибесілерімен бөлісуде.

Жыл басынан бері балабақшамыздың әдіскері И.А.Джанадилова № 7 «Еркетай» тірек бөбекжай-балабақшасының жұмыс жоспарына сәйкес, ауданымыздың барлық

жас әдіскерлеріне арналған «Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастырудағы әдіскер құжаттарын жүргізу» тақырыбында аудандық оқыту семинарын ұйымдастырып, өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Балабақша дефектологі Б.С.Кияшева № 5 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасының құзыреттілік орталығының жоспарына сәйкес «Балабақшада ерекше бала өзін үйдегідей сезінуге жағдай жасау, баланың мектепке дайындығы және ата-ана кеңесін ұйымдастыру жолдары» тақырыбында өткен семинарда «Шелленбергер пирамидасы» тақырыбында өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Сонымен бірге, балабақша әдіскері И.А.Джанадилованың жетекшілік етуімен аудандық білім бөлімінің бұйрығына сәйкес аудандық шығармашылық шеберхана ашылып, № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының базасында отырысы өтті.

Балабақшада консультациялық пункт жұмыс істейді. Консультациялық пункт жұмысының мақсаты - мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының консультациялық пункті Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын (2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 ҚРҚ) іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына және консультациялық пункттерді ұйымдастыру бойынша нұсқамаға сәйкес және 03.09.2024 № 52 н/бұйрығы негізінде ашылды. Консультациялық пунктке биылғы оқу жылында барлығы 8 бала тіркелді, оның ішінде 3 жаста 1 бала, 4 жаста 2 бала, 5 жаста 5 бала. Консультациялық пунктте меңгеруші, әдіскер, дефектолог, психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшілері, медбике мамандары жұмыс істейді.

Консультациялық пунктте жылдық жоспар, жұмыс кестесі, отырыс хаттамалары, ата-аналармен келіс-шарттар, ата-аналарды тіркеу журналдары бар. Барлық құжаттар балабақшаның сайтында орналасқан. Сонымен қатар, балабақшада арнайы консультациялық пункт кабинеті ашылып, қажетті құралдармен жабдықталды.

Сонымен қатар, психолог, дефектолог сияқты білікті мамандар ата-аналарға психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультациялар беріп, бала дамуындағы ерекшеліктерді анықтап, тәрбиенің негізгі бағыттары туралы хабар береді. КПП-ке келетін ата-аналардың сұранысы көбіне, баланың сөйлеу тіліндегі кемшіліктеріне және баланың бейімделуіне байланысты екені байқалады. Логопед, дефектолог, психолог мамандарына ата-ана тарапынан сұраныс жоғары. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға, ата-аналарды отбасы жағдайында тәрбие процесін ұйымдастыруға, үйретуге бағытталған түзету және дамыту әдіс-тәсілдерімен таныстыру жұмыстары КПП-те үздіксіз жүргізіліп келеді.

3. Үшінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру жұмысының жағдайы» тақырыптық тексерістің қорытындысын оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сәйкес, 2025-2026 о.ж. қаңтар айының 26 мен 29 аралығында балабақшада тақырыптық тексеріс жүргізілді. Тексеріс мақсаты – мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру жұмысының жағдайын анықтау.

Тексеріс міндеттері:

- ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу;
- топтағы табиғат бұрыштарын тексеру;
- экологияға байланысты кітаптар қорын тексеру.

Тексеріс барысында төмендегідей нәтижелер болды:

Тексеріс барысында барлық топтарда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері тексерілді.

«Гүлдер» - Г.Азирбекова.

Тәрбиеші балаларға табиғат, табиғатты қорғау туралы мультфильм көрсетіп, тақтада ілінген суреттер бойынша табиғат туралы айтып түсіндірді. Су туралы түсіндіре отырып, балаларға сумен қызықты эксперимент жұмыстарын жүргізді. «Қайсысы, тауып көр?» жануарларға байланысты дидактикалық ойын және «Аквариумдағы балықтар» аквариумдағы балықтарды аулау ойындарын ойнатты.

Топта табиғат бұрышы бар, безендіру жұмыстары толық аяқталмаған, бұрышта 6 бөлме өсімдігі, 1 гүл суарғыш, бақылау парағы бар. Экологияға байланысты 4 кітапша бар.

«Тұлпар» тобы – А.Тұрмағанбет.

Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсете отырып, жалпы табиғат, табиғатты қорғау, оған қамқорлық көрсету, соның ішінде бөлме өсімдіктері жайында айтып, гүлді отырғызып, балаларға көрсетті. «Күн мен бұлт» қимылды ойынын ойнатты.

Топта табиғат бұрышы бар, безендіру жұмыстары толық аяқталмаған, бұрышта 9 бөлме өсімдігі, 1 гүл суарғыш, үй жануарларының макеттері бар.

«Айгөлек» - Н.Мұхтарқызы.

Тәрбиеші балалардың назарларын топтағы табиғат бұрышына аудартып, бөлме өсімдіктері туралы, оларды қорғау, оларға қамқорлық жасау туралы айтты. «Күн мен жаңбыр» қимылды ойынын ойнатты.

Топта табиғат бұрышы бар, безендіру жұмыстары толық аяқталмаған, бұрышта 9 бөлме өсімдігі, 1 гүл суарғыш, жыл мезгілдеріне арналған картотека бар.

«Шұғыла» - Ж.Тлеұмағанбетова.

ҰІӨ шаттық шеңберінен басталды. Тәрбиеші сұрақ-жауап тәсілі арқылы балалардан жыл мезгілдері, соның ішінде қыс мезгілі, оның ерекшеліктері туралы сұрады. Балалардың назарларын топтағы табиғат бұрышына аудартып, бөлме өсімдіктері жайында айтты. Тосын сәт ұйымдастырылып, топқа бағбаншы келді. Балаларға гүлдер, олардың құрылысы туралы мәлімет беріп, топтық жұмыс жүргізіліп, «Орнын тауып, құрастыр» гүлдің суретін құрастыру ойынын ойнатылды. Бағбаншы балаларға гүлді отырғызуды, оны баптауды, су құю қажеттілігін айтып, шаңнан тазарту керектігін ескертті.

Топта табиғат бұрышында 11 бөлме өсімдігі бар, жыл мезгілдеріне арналған картотека және ағаш макеті, табиғатты бақылау парағы, табиғат бұрышын безендіру жұмыстары аяқталмаған, жануарлар макеттері, экспериментке арналған заттар, құс ұяшықтары, 5 гүл суарғыш, 2 экологиялық кітапшалар бар.

Экологиялық тәрбиеге байланысты дидактикалық ойындар:

«Балықтарды аквариумға салу», «Не дыбыстайды?», «Жапырағына қарай ажырат», «Сұр қоян жуынып жатыр», «Шырша және саңырауқұлақ», «Аюлар мен аралар», «Отырған мынау, ақ қоян», «Даусынан таны», «Саңырауқұлақтар», «Кім қалай дыбыстайды?».

«Күншуақ» - А.Боккарина.

ҰІӨ шаттық шеңберінен басталды, балалар бір-бірімен амандасып, жылы лебіздерін білдірді. Теледидардан «Адам және табиғат» тақырыбында бейнеролик көрсетіп, сурет бойынша әңгімелесіп, сұрақ-жауап арқылы табиғатты қорғау, ластамау туралы айтты. Тәрбиеші балалардың назарларын топтағы табиғат бұрышына аудартып, бөлме өсімдіктері жайында мәлімет беріп, балаларға гүлді отырғызып көрсетті. Балалар гүлді отырғызуды, шаңын сүртуді, су құюды үйренді.

Топта табиғат бұрышында 9 бөлме өсімдігі бар, жыл мезгілдеріне арналған картотека, табиғатты бақылау парағы, табиғат бұрышын безендіру жұмыстары аяқталмаған, аквариум макеті, 1 гүл суарғыш бар.

Экологиялық тәрбиеге байланысты дидактикалық ойындар:

«Жыл мезгілдері», «Жапырағына қарай ажырат», «Не, қашан өседі?».

4. Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие берудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында слайдтан көрсетіп, түсіндірді:

Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты-экологиялық тәрбие бере отырып, табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиешінің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты сайыстар ұйымдастырылып экология мәселелері туралы, жағымды-жағымсыз әрекеттер бейнеленген суретте пайдаланылғаны, ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс.

Балабақшада экологиялық тәрбие берудің әдістері

Балабақшада экологиялық тәрбие берудің әртүрлі әдістері мен тәсілдері бар. Осы әдістер арқылы балалар экологиялық білімдерін ғана емес, сондай-ақ табиғатқа деген жауапкершілігін де меңгереді.

Дидактикалық ойындар: Ойын — баланың дамуына үлкен әсер ететін әдіс. Экологиялық тақырыптардағы дидактикалық ойындар арқылы балалар табиғат туралы білімдерін арттырады. Мысалы, «Табиғат достары» ойынында балалар жануарлар мен өсімдіктер туралы біледі, «Қоршаған ортаны қорғау» ойыны арқылы қоқыс жинау мен табиғатты сақтау туралы білім алады. Осы ойындар балаларға табиғаттың қалай жұмыс істейтінін түсінуге және оны сақтау жолдарын үйренуге мүмкіндік береді.

Шығармашылық жұмыстар: Экологиялық тәрбие шығармашылық жұмыстар арқылы да жүзеге асырылады. Балалар табиғат туралы сурет салып, шығармашылық жұмыстар (қолөнер, мүсіндер) жасап, өздері көрген табиғат сұлулығын бейнелейді. Бұл жұмыс баланың сезімдерін дамытып, табиғатқа деген құрметін қалыптастырады.

Саяхаттар мен табиғатқа серуендер: Балабақшада балаларды табиғатқа шығарып, оны тікелей көруге мүмкіндік беру өте маңызды. Балалар табиғаттың әртүрлі көріністерін көріп, ағаштар, өсімдіктер мен жануарлар туралы түсінік алады. Бұл серуендер балалардың табиғатқа жақын болуына және оны жақсы көруге ықпал етеді. Мысалы, орманға серуендеу, бақшада жұмыс істеу — табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттырудың ең тиімді әдістерінің бірі.

Экологиялық әндер мен өлеңдер: Экологиялық тақырыптағы әндер мен өлеңдер балалардың экологиялық сана-сезімін оятады. Мұндай әндер мен өлеңдер арқылы балалар экологиялық мәселелерді жеңіл әрі қызықты түрде қабылдайды. Өлеңдер мен әндер балаларға табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсіндіреді және бұл сезімдер олардың санасында терең ұялайды.

Практикалық жұмыстар: Балабақшада балаларға бақшада жұмыс істеу, ағаш отырғызу, өсімдіктерді күтіп-баптау, суару сияқты практикалық жұмыстарды үйрету экологиялық тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл жұмыстар арқылы балалар табиғатқа қамқорлық жасауды үйреніп, жасыл желектердің маңызын түсінеді.

5. Бесінші сұрақ бойынша тәрбиеші А.Тұрмағанбет «Жасыл балабақша» жобасы туралы айтты:

Экологиялық білім беру қазір әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі. Ғаламдық жылыну, табиғи ресурстардың сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы сияқты түйткілдерге бей-жай қарауға болмайды. Сондықтан табиғатқа деген сүйіспеншілікті, оны қорғау дағдыларын кішкентай кезден бастап қалыптастыру маңызды. «Жасыл балабақша» жобасы дәл осы мақсатта қолға алынған.

Балабақша аумағында бау-бақша егу, өсімдіктерді күту, табиғатты бақылау сияқты іс-шаралар жүйелі түрде өткізіледі. Сондай-ақ балалар қалдықтарды сұрыптауды, суды үнемдеуді, электр энергиясын ұтымды пайдалануды, қоршаған ортаның тазалығын

сақтауды үйренеді. Осылайша, олар экологиялық мәдениеттің алғашқы дағдыларын меңгереді.

«Жасыл балабақша» жобасының негізгі бағыттарына тоқталсақ:

- Балалардың табиғат туралы танымдық түсініктерін дамыту;
- Өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру;
- Қоршаған ортаның тазалығын сақтау дағдыларын үйрету;
- Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу негіздерін түсіндіру;
- Табиғи ресурстарды (су, электр энергиясы) үнемдеудің қарапайым ұғымдарын ұғындыру;
- Маусымдық өзгерістерді бақылау арқылы танымдық қабілеттерін дамыту;
- Табиғат аясында экологиялық ойындар мен тәжірибелер ұйымдастыру.

Жоба аясында балалар тек теориялық білім алып қана қоймай, оны іс жүзінде де қолданады. Бақша егудің қыр-сырын меңгеріп, өсімдіктердің өсу процесін бақылайды. Бұл олардың еңбекке деген қызығушылығын арттырып, жауапкершілік сезімін оятады.

6. Алтыншы сұрақ бойынша тәрбиеші Т.Алдаберген табиғатқа байланысты экологиялық эксперимент жұмыстарын көрсетті.

Эксперимент алаңының маңыздылығы

Балабақша жасындағы балалардың танымдық қызығушылықтары өте жоғары және оларды ғылыми тәжірибелер арқылы білім беру үрдісіне тарту ерекше маңызды. Эксперименттер балалардың назарын нақты бір құбылыстарға аударып, олардың табиғи процестерді түсінулеріне көмектеседі. Су арқылы жүзеге асырылатын тәжірибелер балалардың шығармашылық ойлауын дамытып, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын тереңдетеді.

Эксперимент алаңында балалар нақты құбылыстарды көріп, тәжірибе жасаған кезде олар білімін тереңдетіп, тәжірибелік дағдыларын қалыптастырады. Мұндай алаңда өткізілетін жұмыстар әртүрлі формада болуы мүмкін, бірақ бәрінің ортақ мақсаты – балаларға табиғат пен қоршаған әлемнің құпияларын ашуға көмектесу.

Су туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру

Балаларға су туралы негізгі түсініктерді таныстыру үшін эксперимент алаңын ұйымдастыруда мынадай тақырыптарды қарастыруға болады:

- Судың түрлері және қасиеттері. Су әртүрлі формада кездеседі – сұйық, қатты, газ күйінде. Балаларға бұл күйдердің өзгеруін бақылауға мүмкіндік беретін тәжірибелер жасауға болады. Мысалы, мұзды суға салып, балабақша ішінде оны жібіту, су мен мұздың айырмашылығын көрсету.
- Судың айналымы. Балабақшада балаларға табиғаттағы судың айналымын түсіндіру өте маңызды. Су ыстықтан буланып, бұлттар түзіп, жаңбыр болып жерге қайта оралады. Бұл процесті көрнекі түрде көрсету үшін арнайы құралдарды пайдалану пайдалы болады. Мысалы, пластикалық контейнерде су буланғаннан кейін, салқындатылған беттің бетінде конденсация процесін бақылау.
- Судың тіршілік үшін маңызы. Су барлық тірі организмдердің өмірі үшін маңызды. Балаларға су жануарлары мен өсімдіктердің тіршілігін қамтамасыз ететін маңызды рөлін көрсету үшін қарапайым экожүйелерді зерттеу мүмкін.
- Судың тазалығы. Эксперимент алаңында балаларға су мен оған әсер ететін факторларды зерттеуге мүмкіндік беру өте маңызды. Су құрамы мен сапасы да әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, таза және ластанған судың айырмашылығын байқауға арналған эксперименттер өткізуге болады.
- Эксперимент алаңында өткізілетін әрекеттер
- Судың түрлі жағдайларда ағуы. Балалар судың ағу үрдісін бақылап, оның өзендерде, көлдерде, мұхиттарда қалай жүретінін көре алады. Сонымен қатар, түрлі материалдардан жасалған беттердегі судың ағысы туралы тәжірибелер өткізуге болады.
- Судың түрлі заттарды еріту қабілеті. Судың түрлі заттарды еріту қасиетін көрсету үшін суға тұз, қант, май қосып, еріту процесін бақылауға болады. Бұл тәжірибелер балаларға судың химиялық қасиеттерін түсінуге көмектеседі.

- Судың тазалану процесі. Балаларға судың ластануын, оған түрлі заттардың қосылуын және оны тазалау әдістерін көрсету. Бұл балаларға экологияны түсінуге, суды қорғаудың маңыздылығын ұғынуға көмектеседі.
- Судың тұнықтық және бұлдырау қасиеттері. Тұнық және бұлдыр суды салыстыру арқылы балалар судың тазалығы мен оған әсер ететін сыртқы факторларды зерттей алады.

7. Жетінші сұрақ бойынша тәрбиеші «Балабақшадағы экологиялық жоба – болашаққа жасалған қадам» тақырыбында тәрбиеші Ғ.Измалева өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Экологиялық жобалар – балалардың табиғатқа қатысты білімін, көзқарасын және практикалық дағдыларын кешенді түрде қалыптастыратын педагогикалық құрал. Бұл әдіс балаға табиғатты тек бақылап қана қоймай, оны қорғауға бағытталған нақты әрекеттерге қатысуға мүмкіндік береді. Жобалық іс-әрекет барысында бала табиғаттың адам өміріндегі рөлін түсініп, өзінің іс-әрекеті қоршаған ортаға әсер ететінін сезінеді.

Жоба технологиясының басты ерекшелігі – оның әрекетке бағытталуы. Балалар табиғатқа қатысты мәселені өздері байқап, оны шешудің жолдарын іздейді. Мысалы, ауладағы қоқыстың көбеюі, гүлдердің солуы немесе су шығыны сияқты мәселелер жобаның тақырыбына айналуы мүмкін. Мұндай жағдайларда балалар бақылау жүргізіп, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға үйренеді.

Экологиялық жобаларды ұйымдастыру кезінде баланың жас ерекшелігін ескеру маңызды. Мектепке дейінгі жаста күрделі ғылыми терминдер емес, нақты бейне, әрекет және эмоциялық тәжірибе маңызды рөл атқарады. Сондықтан жобалық жұмыс ойын, бақылау, тәжірибе, еңбек және шығармашылық әрекеттермен ұштасып жүзеге асады.

Экологиялық жобаларды жүзеге асыруда дамытушы ортаның рөлі ерекше. Балабақшада табиғат бұрышы, тірі өсімдіктер, шағын бақша, аквариум, құстарға арналған жем салғыштар сияқты нысандар болған жағдайда балалар табиғатпен тікелей қарым-қатынаста болады. Бұл орта жобалық іс-әрекеттің табиғи жалғасына айналады және экологиялық тәрбиенің тиімділігін арттырады.

Жобалар барысында балалар өсімдіктерді күтіп-баптауға, жануарларға қамқорлық жасауға, су мен энергияны үнемдеуге үйренеді. Мұндай тәжірибе экологиялық білімді мінез-құлыққа айналдырады. Бала табиғатты қорғау абстрактілі ұғым емес, өзінің күнделікті әрекеті екенін түсінеді.

Тәрбиешінің рөлі экологиялық жобалардың табысты жүзеге асуында шешуші болып табылады. Педагог балалардың қызығушылығын қолдап, олардың әрекетін бағыттап, қорытынды жасауға көмектеседі. Ол балалардың жетістіктерін атап өтіп, табиғатқа деген жағымды қарым-қатынасын нығайтады.

Экологиялық жобалар балалардың тек танымдық емес, әлеуметтік және эмоциялық дамуына да ықпал етеді. Бірлесіп жұмыс істеу, ортақ мақсатқа жету, нәтижені бағалау баланың жауапкершілігін, ынтымақтастығын және өзіне деген сенімін қалыптастырады. Сонымен қатар табиғатқа қамқорлық жасау жанашырлық пен эмпатия сезімін дамытады.

Экологиялық жобалардың тағы бір маңызды қыры – олардың ата-аналармен өзара байланысты нығайтуы. Отбасылық экологиялық тапсырмалар, бірлескен сенбіліктер, табиғатқа серуендер балада экологиялық мәдениеттің тұрақты қалыптасуына ықпал етеді. Бұл балабақша мен отбасының тәрбие ықпалының бірізділігін қамтамасыз етеді.

Осылайша экологиялық жобалар мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие үдерісін өмірмен байланыстырып, баланың табиғатқа қатысты саналы көзқарасын қалыптастырады. Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық жобаларды ұйымдастыру және жүзеге асыру – баланың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді әрі нәтижелі жолы. Жобалық әдіс баланы табиғатпен белсенді қарым-қатынасқа түсіріп, оны қорғауға бағытталған саналы әрекеттерге тәрбиелейді.

Экологиялық жобалар арқылы бала табиғатты тануды ғана емес, оны аялауды, қорғауды және бағалауды үйренеді. Сондықтан балабақша тәжірибесінде жобалық әдісті жүйелі қолдану – болашақта экологиялық жауапкершілігі жоғары, табиғатқа жанашыр ұрпақ тәрбиелеудің берік негізі болып табылады.

8. *Сегізінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова педагогтермен іскерлік ойын: «Не? Қайда? Қашан?» ойынын ұйымдастырып, өткізді.*

Шешімі:

1. Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие берудің әдіс-тәсілдерін жаңарту, түрлендіру;
2. Топтағы бөлме өсімдіктерін толықтыру;
3. Табиғат бұрышын талапқа сай безендіру жұмыстарын жалғастыру.

Төрайымы:

С.С. Баймагамбетова

Хатшы:

А.А. Боккарина